

## **Видеорезюмеге қойылатын талаптар (22.06.2017 ж.)**

Видеорезюме – командаңыз туралы қысқаша презентациялық видеоролик (ұзақтығы 2- 4 мин.). Кез келген қолда бар құрылғымен еркін формада түсіріледі. Видеорезюме - байқауға іріктеудің негізгі кезеңі. Креативті видеорезюме командаларға ойынның келесі турына өтуге мүмкіндік береді. Монтаж жасауға болады.

Команда қатысушыларына қойылуы мүмкін сұрақтардың үлгісі:

- Сіздер байқауға не үшін қатысқыңыз келді?
- Әрбір қатысушы туралы, оның қызығушылығы мен жетістіктері туралы айтып беріңіз.
- Байқаудан қандай жаңалықтар күтесіз?
- Сіз ұсынылған тақырыптардың ішінде неге дәл осы тақырыпты таңдап алдыңыз? Өз таңдауыңызды қорғаңыз. Таңдап алған бағыттағы өз жетістіктеріңізді айтып беріңіз.
- Сіздің жобаның мақсаты. Мақсатқа қалай қол жеткізесіз?
- Сіздің командаңыз басқалардан несімен артық?

## **Қағазға басылатын жобаны безендіруге қойылатын талаптар (2017 ж. 17-тамызға)**

1. Жобаның тілі – орыс, қазақ, ағылшын (өз қалауыңызша).
2. Жалпы көлемі – 1-10 бет аралығында.
3. Жоба: электронды түрде Microsoft Word редакторы форматында, Times New Roman қарпімен, мөлшері – 14, азат жолы – 1,25 см, жол арасындағы интервалы – 1, ені бойынша біртегіс етіп ұсынылады. Құжаттың шет жақтары: сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағы – 2 см. Мәтін тасымалданбайды. Беттерді нөмірлеу – парақтың төменгі жағында, ортасында.
4. Тақырыбын безендіру (барлық тармақтар қалың кара бояумен жазылады). Бірінші жолда (он жағы бойынша түзетіледі) команда атауы жазылады. Екінші жолда: жоғары оқу орнының атауы. Үшінші жолда: жоба бағытының тақырыбы.

## **Қатысуға қойылатын талаптар**

Команда капитаны байқау ережесі шеңберінде команданың барлық мүшелеріне жауапты болады (ұйымдастырушылар алдында өз әрекеттеріне жауапты болады). Байқау кезінде команда капитанына айтылған ақпарат тұтас командаға айтылған болып саналады. Астана қаласына жобаны қорғауға шақырылған команда **жолақысын өздері төлеп**, келеді. **Ұйымдастырушылар тарабы жол жүрі, тұратын жер және тамақтану шығындарын төлемейді.** Команда капитаны байқаудың барлық кезеңіне және вебинарларға команда мүшелерінің толық қатысуына кепілдік береді.

*Байқауды жүргізу барысында ұйымдастырушылар болмашы өзгерістер енгізе алады, бұл жөнінде қатысушыларға алдын ала айтылады.*